

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 7 ақпандағы № а-2/75 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 наурызда № 4031 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 01-10-25 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 09.01.2015 № 01-10-25 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса берілген 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Б.Нұрпановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.Нұркенов

Бурабай

ауданы

әкімдігінің

2014

жылғы

7

ақпандағы

№

а - 2 / 7 5

қаулысымен

бекітілген

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жана редакцияда - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 09.09.2014 № а-9/560 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны					Мектепке дейінгі білім беру ұйым жан басына шаққандағы қаржылан		
Қаржыландыру	Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық		Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық		Балабақша		Балалар толық болатын мектеп жанындағы орталық
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік
Республикалық қаражаты есебінен	200	696	287	0	489	0	33380,2	33380,2	23905,8

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)						Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір ай ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)				
Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық		Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық		Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық		Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы орталық
мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік
22380,2	22380,2	15905,8	0	7953,4	0	11000	11000	8000	0	0